



Жоба

**Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының
музыка пәні мұғалімдеріне арналған
«Жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны аясында музыка
ұстаздарының кәсіби-құзыреттілігін дамыту»
педагогтердің біліктілікті арттыру курстарының білім беру
бағдарламасы**

1. Жалпы ережелер

«Жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны аясында музыка ұстаздарының кәсіби-құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының «Музыка» пәні мұғалімдерінің оқу үрдісінде заманауи білім беру технологиялары мен оқыту әдістемелерін қолдануға байланысты кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

Білім беру порталы – DOT сәйкес оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, әкімшілік, академиялық және оқу-әдістемелік ақпараттардан тұратын, жүйелік-ұйымдастырылған, өзара байланысты ақпараттық ресурстар мен Интернет қызметтері.

Вебинар – веб-конференцияның түрі, оның жүргізу барысында оқытушы мен аудитория нақты уақыт режимінде сөйлеседі.

Инклюзивті білім беру – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.

Музыкалық білім беру – арнайы ұйымдастырылған оқыту үрдісінде немесе өз бетімен білім алу арқылы білім, іскерлік, дағдылар жүйесі арқылы меңгерту қарастырылады.

Музыка пәні сабағының мақсаты - оқыту мен білім берудің жаңашыл технологияларын халық тәрбиесі негізінде шоғырланған мол тәрбие құралдары арқылы заманауи педагогикалық тәсілдер мен жұмыс түрлерінде қолдану, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды ұтымды пайдалану.

Музыкалық сауаттылық (*теориялық даярлық*) - музыка, музыкалық құбылыстар, олардың ерекшеліктері, заңдылықтары, мәнерлеу тәсілдері, композиторлар туралы мәліметтер, нота сауатының негізі туралы жүйеленген ұғым және білім қалыптастыруды жобалайды.

Музыканы оқыту әдістемесі – музыка пәні мұғалімінің музыкалық білім беру процестерінің әдістерін, құралдарын және ұйымдастыру формаларын зерттеуге, теориялық білімдерін практика жүзінде қолдана білуге үйрету.

Музыкалық білім беруде АКТ-ны қолдану дағдылары - ақпарат іздеу, алмасу және онымен жұмыс жасау, идеяларды жинау, өз жұмысын бағалау және жетілдіру, алуан түрлі жабдықтар мен бағдарламалық қосымшаларды пайдалану арқылы дамытады.

Синтезатор аспабы – оркестр құрамына енетін түрлі бояулы, мол дыбысты аспап, оның көпжақтылығы мен шексіз бай мүмкіндігі музыка пәні ұстаздарының жалпы музыкалық қабілеттілігін жетілдіре түсуге және кәсіби даярлығын дамытады.

«Музыка» пәнін оқып үйренуде критериалды бағалау - білім беру, оқыту және бағалаумен тығыз байланысқа негізделген. Оның нәтижелері білім беру үрдісін тиімді ұйымдастыру үшін пайдаланылады.

3. Бағдарлама тақырыптары

Модуль 1. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері	1.1 Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары. Орта білім беру педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер
	1.2 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау және музыка сабақтарында оқушылардың жайлы эмоционалды жағдайын қамтамасыз ету.
Модуль 2. Музыка пәнін оқытудағы педагогикалық	2.1 Жаңартылған «Музыка» оқу бағдарламасының мазмұны, басты бағыттары
	2.2 «Музыка» пәнін оқытудағы педагогикалық технологиялар тізбегі

технологиялардың ғылыми – тұжырымдамалық негіздері	2.3 Музыка сабақтарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі	
	2.4 Музыка сабақтарында проблемалық, жетелеу сабақтарын ұйымдастыру	
	2.5 «Музыка» пәні бойынша сабақты жоспарлауда «Венн диаграммасын» қолданудың тиімділігі	
	2.6 Оқыту мақсатын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмаларды дайындау	
	2.7 «Музыка» пәнін оқытудағы инновациялық және зерттеушілік сабақтары	
	2.8 Оқушылардың орындаушылық қабілеттерін дамытудағы сабақтан тыс музыкалық үйірме жұмыстарының маңыздылығы	
	2.9 Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әдістемелік жүйесін жобалау.	
	2.10 Музыка сабақтарында оқушылардың өзін-өзі бағалау әдістері мен тәсілдерін жүзеге асырудың тиімді жолдары	
	2.11 SWOD (ішкі және сырқы кемшіліктер мен артықшылықтарды анықтау)	
	2.12 Музыка сабақтарындағы рефлексия	
	2.13 Музыкалық сауаттылық, музыка тыңдау, ән орындау, шығармашылық тапсырмалар бөлімдерінің мазмұны	
	2.14 «Кейс-стади» музыка сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістерінің бірі ретінде	
	2.15 «Музыка» пәнінің мазмұнын игерудегі проблемалық оқыту	
	2.16 Демо-сабақ. Демо-сабақ таныстырылымы	
	2.17 Кіріс және шығыс тестілеу	
	Модуль 3. Педагогтердің музыкалық-әдістемелік және сандық сауаттылығын дамыту	3.1 Музыка сабағын жобалауда білім беру платформалары мен сервистерін пайдалану. Сандық білім беру ресурстарының тиімділігі
		3.2 Музыкалық электрондық аспаптарды сабақтарда қолдану ерекшеліктері (синтезатор аспабы)
	3.3 Музыка пәні сабақтарында электрондық оқулықтармен және фонохрестоматиямен жұмыс жасау	
Модуль 4.	4.1 Импровизация және тыңдау әдістерін қолдану арқылы оқушылардың орындаушылық	

Вариативтік мазмұн	дағдыларын дамыту
	4.2 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін оқу жоспарының түзету компонентінің технологиясын іске асыру
	4.3 Тестілеуге дайындық және шағын сабақтың презентациясы (жобаны қорғау)

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарлама мақсаты – жаңартылған музыка пәнінің оқу бағдарламасы аясында музыка мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың заманауи педагогикалық тәсілдері мен жұмыс түрлерін ұсыну, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды ұтымды пайдалану жолдарын ұйымдастыру.

Бағдарлама міндеттері:

- Жаңа білім беру жүйесін құру жағдайында музыкант-педагогтардың кәсіби әрекеттілігін реттейтін нормативтік құқықтық базаны айқындау;
- Заман талабына сай музыка пәні ұстазының кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған жаңашыл технологиялармен қамтамасыз ету;
- Музыка пәнін оқытуға қойылатын талаптар мен өзекті мәселелерді, оны жетілдіру жолдарын айқындап көрсету;
- Мұғалімнің пәндік-теориялық, әдістемелік, әдіснамалық дайындығын және зерттеушілік мәдениеті мен кәсіби құзырлығын практикум-тренингтер, семинар сабақтар арқылы қалыптастыру, жетілдіру.

Курс соңында тыңдаушылар:

- 1) «Музыка» пәні жаңартылған оқу бағдарламасының негізгі мазмұны мен жүзеге асыру қағидаттарын біледі;
- 2) музыка сабақтарында оқушылардың музыкалық және функционалдық сауаттылығын дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын меңгереді;
- 3) оқу үдерісін жоспарлау және жобалау кезінде оқытудың белсенді әдістері мен формаларын қолдана алады.
- 4) музыкалық электрондық аспаптар (*синтезатор*) мен музыкалық сандық редакторлық бағдарламалар (*Cool Edit, Sound Forges*) жөнінде, оның орындалу ерекшеліктерінен мағлұмат алып, оны практикалық жағдайда қолданудың жолдарын меңгереді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

- 1) Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері;

- 2) Музыка пәнін оқытудағы педагогикалық технологиялардың ғылыми –тұжырымдамалық негіздері;
- 3) Педагогтердің музыкалық-әдістемелік және сандық сауаттылығын дамыту;
- 4) Вариативтік мазмұн.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілік арттыру курсы ұйымдастырылады:

1) күндізгі оқыту курстың оқу-тақырыптық жоспарына (ары қарай-ОТЖ) сәйкес күндізгі оқыту режимінде оқытылады. Күндізгі және қашықтықтан оқыту курстарының ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Күндізгі және қашықтықтан бір апталық курсты ұйымдастыру кезінде оқу-тақырыптық жоспардағы сағаттар саны 2 есеге қысқарады.

2) қашықтықтан оқыту осы Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес және оқыту екі кезеңде жүргізіледі: қашықтықтан (онлайн) – 40 сағат, өзіндік жұмыс (оффлайн) – 40 сағат

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде күндізгі және қашықтықтан оқыту режимдерінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: кіріс және шығыс тестілеуі, демо сабақ қорғау және қорытынды тестілеу жүргізіледі. Тест тапсырмалары мен демо сабақ оқу-әдістемелік кешеніне (ары қарай – ОӘК) кіріктіріледі.

Бағдарлама мазмұны оқыту мен білім берудің нысандары мен әдістері, оның ішінде педагогтің біліктілігін арттырудың іс-әрекет сипатын қамтамасыз ететін: интерактивтік семинарлар, вебинарлар, демо сабақтың презентациясы, топтарда жұмыс істеу, өзіндік жұмыс және т.б. арқылы ашылады.

Демо сабақтың / жобаның презентациясының құрылымы, критерийлері мен бағалау параметрлері

Мұғалімдер пән бойынша сабақты жоспарлайды және білім беру мазмұнын жаңартуды ескере отырып, оқытуды жоспарлау іс-әрекеті ретінде әр кезеңдерде сабақ үзіндісін ұсынады.

Демо сабақты жоспарлау талаптары

Мақсаты - жаңартылған оқу жоспарына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, критериалды бағалау жүйесін түсіну мен қолдануды бағалау.

Оқу мақсаттарына сәйкестігін бағалау:

- демо сабақтың мақсаттары оқытудың мақсаттарымен сәйкес келеді;
- пәннің ерекшеліктеріне бағдар беруді бағалау;
- мақсаттар SMART форматында тұжырымдалған.

Оқушылардың жетістіктерін қолдау үшін қалыптастырушы бағалау:

- пәннің тақырыбына сәйкес оқытудың белсенді әдістерін қолдану;
- сабақтың мақсатына жетуге көмектесетін әдістер;

- білім беру субъектілерін оқыту процесіне тартуға бағытталған әдістемелер мен әдістер.

Саралау әдістерін таңдау:

- оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;

- тапсырмаларды саралау әдістері.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1: «Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері»

Модуль құрылымы

1) Модульдің өзектілігі:

Модульдің өзектілігі білім беру кеңістігіндегі психологиялық-педагогикалық аспектілерді және орта білім беру педагогтерінің қызметін реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілерді түсіну және ұғыну бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру қажеттілігінен тұрады.

2) Модульдің міндеттері:

- қазіргі жалпы орта білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарының өзектілігін анықтау;

- орта білім беру мұғалімдерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қолдану бойынша практикалық дағдыларды дамыту.

3) Күтілетін нәтижелер:

Курс соңында модуль бойынша тыңдаушылар:

- қазіргі заманғы жалпы орта білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарын біледі;

- нормативтік-құқықтық база негіздеріне сүйене отырып, кәсіби міндеттерді шешу дағдыларын меңгереді.

Модуль 2: «Музыка пәнін оқытудағы педагогикалық технологиялардың ғылыми –тұжырымдамалық негіздері»

Модуль құрылымы

1) Модульдің өзектілігі:

Тақырыптардың мазмұны, сабақтарды ұйымдастырудың формалары мен әдістері мұғалімнің біліктілік деңгейіне қойылатын заманауи талаптарға сәйкес кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға бағытталған, психологияның, педагогиканың заманауи әдістерін қолдану бойынша педагогтердің тәжірибелік және икемді дағдыларын ұйымдастырудың ерекшеліктерін және білім беру процесінде инклюзивті білім беру қағидаттарын іске асыруды ашады.

2) Модульдің міндеттері

- заманауи педагогикалық және инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, оқу үдерісін ұйымдастыруда мұғалімдердің тәжірибелік және икемді дағдыларын дамыту;

- білім алушылардың сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыру мәселелері бойынша музыка мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

3) Күтілетін нәтижелер

Модуль бойынша курс соңында тыңдаушылар:

- оқу үдерісін ұйымдастыруда заманауи педагогикалық және инновациялық тәсілдерді жүзеге асыру дағдыларын меңгереді;

- білім алушылардың сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастырудың кәсіби дағдыларын игереді.

Модуль 3: «Педагогтердің музыкалық-әдістемелік және сандық сауаттылығын дамыту»

Модуль құрылымы

1) Модульдің өзектілігі:

Модуль педагогтердің сандық сауаттылығын, кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Модульде қарастырылатын тақырыптар педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда сандық технологиялардың мүмкіндіктерін ұсынады.

2) Модульдің міндеттері

- заманауи музыкалық-компьютерлік технологияларды қолданудың практикалық дағдыларын дамыту;

- сандық білім беру ресурстары негізінде сабақты жобалау дағдыларын жетілдіру.

3) Күтілетін нәтижелер

Курс соңында модуль бойынша тыңдаушылар:

- заманауи музыкалық компьютерлік технологияларды қолданудың практикалық дағдыларын меңгереді;

- сабақты жобалауда сандық білім беру ресурстарын қолдана алады.

Модуль 4: «Вариативтік мазмұн»

Модуль құрылымы

1) Модульдің өзектілігі:

Бұл модуль тыңдаушыларға күрделі тақырыптарды қабылдаудағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес модуль импровизация және тыңдау әдісін қолдану арқылы оқушылардың орындаушылық дағдыларын дамытуға, музыка сабақтарында

оқушыларды шығармашылыққа тартудағы графикалық, түсті модельдеудің рөлін анықтауға, тестілеуге және демо-сабақты таныстыруға дайындауға бағытталған нақты тақырыптарды ұсынады.

2) Модулдің міндеттері

- тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететін тақырыпты таңдауға мүмкіндік беру;

- демо-сабақтың презентациясын құрастыру арқылы музыка пәні мұғалімінің рефлексивті дағдыларын дамыту.

3) Күтілетін нәтижелер:

Курс соңында модуль бойынша тыңдаушылар:

- кәсіби қызметіне қатысты мәселелерді анықтай алады және оларды шешу жолдарын ұсынады;

- демонстрациялық сабақтардың презентациясын әзірлеу нәтижесінде рефлексияның түрлі формаларын қолданады.

Күндізгі оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	Семинар	Көшпелі тәжірибелік сабақ	Демо-сабақтың презентациясы / Жобаны қорғау	Тестілеу	Барлығы
1	1-модуль. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері	4				4
1.1	Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары. Орта білім беру педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер	2				2
1.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау және музыка сабақтарында оқушылардың жайлы эмоционалды жағдайын қамтамасыз ету.	2				2
2	2-модуль. Музыка пәнін оқытудағы педагогикалық технологиялардың ғылыми –тұжырымдамалық негіздері	54	6	2	2	64
2.1	Жанартылған «Музыка» оқу бағдарламасының мазмұны, басты бағыттары.	4				4

2.2	«Музыка» пәнін оқытудағы педагогикалық технологиялар тізбегі	2				2
2.3	Музыка сабақтарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі	4				4
2.4	Музыка сабақтарында проблемалық, жетелеу сабақтарын ұйымдастыру	4				4
2.5	«Музыка» пәні бойынша сабақты жоспарлауда «Венн диаграммасын» қолданудың тиімділігі		4			4
2.6	Оқыту мақсатын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмаларды дайындау	4				4
2.7	«Музыка» пәнін оқытудағы инновациялық және зерттеушілік сабақтары	4				4
2.8	Оқушылардың орындаушылық қабілеттерін дамытудағы сабақтан тыс музыкалық үйірме жұмыстарының маңыздылығы	2				2
2.9	Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әдістемелік жүйесін жобалау.	4				4
2.10	Музыка сабақтарында оқушылардың өзін-өзі бағалау әдістері мен тәсілдерін жүзеге асырудың тиімді жолдары	4				4
2.11	SWOD (ішкі және сырқы кемшіліктер мен артықшылықтарды анықтау)	4				4
2.12	Музыка сабақтарындағы рефлексия	4				4
2.13	Музыкалық сауаттылық, музыка тыңдау, ән орындау, шығармашылық тапсырмалар бөлімдерінің мазмұны	4				4
2.14	«Кейс-стади» музыка сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістерінің бірі ретінде	8				8
2.15	«Музыка» пәнінің мазмұнын игерудегі проблемалық оқыту		2			2
2.16	Демо-сабақ. Демо-сабақ таныстырылымы	2		2		4
2.17	Қорытынды тестілеу				2	2
3	3-модуль. Педагоггердің музыкалық-әдістемелік және сандық сауаттылығын дамыту	8				8
3.1	Музыка сабағын жобалауда білім беру платформалары мен сервистерін пайдалану. Сандық білім беру ресурстарының тиімділігі	4				4
3.2	Музыкалық электрондық аспаптарды сабақтарда қолдану ерекшеліктері (синтезатор аспабы)	2				2
3.3	Музыка пәні сабақтарында электрондық оқулықтармен және фонохрестоматиямен жұмыс жасау	2				2
4	4-модуль. Вариативтік мазмұн	2			2	4

4.1	Тыңдаушылардың қиындықтары саласындағы мәселелерді талқылау және шешу: 1) Импровизация және тыңдау әдістерін қолдану арқылы оқушылардың орындаушылық дағдыларын дамыту 2) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін оқу жоспарының түзету компонентінің технологиясын іске асыру 3) Музыка сабағында оқушыларды орындаушылық шығармашылыққа тартудың маңыздылығы	2				2
4.2	Тестілеуге дайындық және демо-сабақтың презентациясы (жобаны қорғау)				2	2
	Барлығы:	68	6	2	4	80

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Онлайн оқыту курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	Вебинар	Демо-сабақтың презентациясы / Жобаны қорғау	Тестілеу	Тыңдаушыны өз бетінше оқыту	Барлығы
1	1-модуль. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері	2			2	4
1.1	Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары. Орта білім беру педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер	2				2
1.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау және музыка сабақтарында оқушылардың жайлы эмоционалды жағдайын қамтамасыз ету.				2	2
2	2-модуль. Музыка пәнін оқытудағы педагогикалық технологиялардың ғылыми – тұжырымдамалық негіздері	26	2	2	30	60
2.1	Жаңартылған «Музыка» оқу бағдарламасының мазмұны, басты бағыттары	2			2	4
2.2	«Музыка» пәнін оқытудағы педагогикалық технологиялар тізбегі				2	2

2.3	Музыка сабақтарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі	2			2	4
2.4	Музыка сабақтарында проблемалық, жетелеу сабақтарын ұйымдастыру	2			2	4
2.5	«Музыка» пәні бойынша сабақты жоспарлауда «Венн диаграммасын» қолданудың тиімділігі	2			2	4
2.6	Оқыту мақсатын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмаларды дайындау	2			2	4
2.7	«Музыка» пәнін оқытудағы инновациялық және зерттеушілік сабақтары	2			2	4
2.8	Оқушылардың орындаушылық қабілеттерін дамытудағы сабақтан тыс музыкалық үйірме жұмыстарының маңыздылығы	2				2
2.9	Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әдістемелік жүйесін жобалау.	2			2	4
2.10	Музыка сабақтарында оқушылардың өзін-өзі бағалау әдістері мен тәсілдерін жүзеге асырудың тиімді жолдары	2			2	4
2.11	SWOD (ішкі және сырқы кемшіліктер мен артықшылықтарды анықтау)	2			2	4
2.12	Музыка сабақтарындағы рефлексия				4	4
2.13	Музыкалық сауаттылық, музыка тыңдау, ән орындау, шығармашылық тапсырмалар бөлімдерінің мазмұны	2			2	4
2.14	«Кейс-стади» музыка сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістерінің бірі ретінде	2			2	4
2.15	«Музыка» пәнінің мазмұнын игерудегі проблемалық оқыту	2			2	4
2.16	Демо-сабақ. Демо-сабақ таныстырылымы		2			2
2.17	Қорытынды тестілеу			2		2
3	3-модуль. Педагогтердің музыкалық-әдістемелік және сандық сауаттылығын дамыту	4			4	8
3.1	Музыка сабағын жобалауда білім беру платформалары мен сервистерін пайдалану. Сандық білім беру ресурстарының тиімділігі	2			2	4
3.2	Музыкалық электрондық аспаптарды сабақтарда қолдану ерекшеліктері (синтезатор аспабы)	2			2	4
4	4-модуль. Вариативтік мазмұн	4			4	8
4.1	Тыңдаушылардың қиындықтары саласындағы мәселелерді талқылау және шешу: 1) Импровизация және тыңдау әдістерін қолдану арқылы оқушылардың орындаушылық дағдыларын дамыту 2) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін оқу жоспарының түзету компонентінің технологиясын іске асыру 3) Музыка сабағында оқушыларды орындаушылық шығармашылыққа тартудың маңыздылығы	4			2	6

4.2	Тестілеуге дайындық және демо-сабақтың презентациясы (жобаны қорғау)				2	2
	Барлығы:	36	2	2	40	80

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс немесе шағын сабақ (шағын іс-шаралар) ұсыну және қорытынды тестілеу.)

Жобаны бағалау критерийлері:

- теориялық және практикалық білімнің мөлшері;
- тақырыптың жаңалығы мен өзектілігі;
- шығармашылық;
- нақты мәселелерді шешу үшін білімді қолдану мүмкіндігі;
- тақырыпқа логикалық және адекватты мәтін мен презентация құра білу;
- шешендік шеберлік

Жобаны бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Ұпайлары	Комментарийлер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау. Мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі		
2	Мәселелердің, мақсаттармен міндеттердің жоба тақырыбымен сәйкестігі		
3	Жобаның мазмұнын құрылымдау: жүйелілік және реттілік		
4	Мазмұнның жоба тақырыбымен сәйкестігі: мәселелерді ашу дәрежесі; жоспарға сәйкестігі		
5	Жұмысболашағы: жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы; жұмысты жалғастыру мүмкіндігі		
6	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану		
7	Шешендік шеберлік		
8	Сұрақтарға жауап		
9	Шығармашылық тәсіл		
	Ұпайлар саны		

Жоба жұмысының презентациясын бағалау критерийлері:

0 ұпай – жүзеге асырылмағын;

1 ұпай – ішінара жүзеге асырылған;

2 ұпай – толық жүзеге асқан.

Жоба үшін максималды ұпай саны - 20.

Жұмысқа арналған ұпайларды келесі сызба бойынша дәстүрлі бағалау нормаларына ауыстыру ұсынылады:

«5» (өте жақсы) бағасы 17-20 ұпай көлемінде қойылады.

«4» (жақсы) бағасы 14-16 ұпайдың қосындысына сәйкес келеді.

«3» бағасы (қанағаттанарлық) 10-13 ұпай қосындысына сәйкес келеді

Демо сабақты бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Ұпайлары
1	Сабақ мақсаттары SMART форматында құрылымданған	
2	Белсенді әдістер барлық студенттерді оқу үдерісіне тартады және оқу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған	
3	Қалыптастырушы бағалау оқытудың нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді	
4	Оқушылардың қажеттіліктерін ескеру. Сараланған тәсілдер қолданылған	
5	Ресурстарды қолдану с.і. IT-технологиялар	
6	Презентацияның қолжетімділігі мен жүйелілігі	
7	Уақытты басқарудың сәйкестігі	

Демо сабақтың презентациясын бағалау критерийлері

0 ұпай - бағалау элементі жоқ;

1 ұпай - дәлелдер әлсіз;

2 ұпай - дәлелдемелер орташа;

3 ұпай - дәлелдер нақты.

Демо сабақтың презентациясы бойынша оқушылардың білімін бағалау ұпайларды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

«Өте жақсы»: 19-21 ұпай;

«Жақсы»: 15- 18 ұпай;

«Қанағаттанарлық»: 11-14 ұпай.

Модульдер бойынша қорытынды тестілеудің сағаттары мен сұрақтарын бөлу

№	Модульдер атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері	4	2
2	Музыка пәнін оқытудағы педагогикалық технологиялардың ғылыми – тұжырымдамалық негіздері	60/64	29
3	Педагогтердің музыкалық-әдістемелік және сандық сауаттылығын дамыту	4/8	4
4	Вариативтік модуль	4	-
	ҚОРЫТЫНДЫ	72/80	35

Ұпайларды бағаларға ауыстыру шкаласы

Баға	Орындалу %	Ұпайы
5	90%-100%	29-35
4	75-89%	23-28
3	50-74%	15-22
2	50% кем	20 ұпайдан кем

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу – бұл профессор-оқытушылар құрамының курстан кейінгі кезеңде әрбір педагогке ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсетуіне бағытталған өзара байланысты әрекеттер, іс-шаралар кешені.

Курстан кейінгі сүйемелдеуді іске асыру формалары мен тәсілдері:

1) оқыту практикасының проблемалық мәселелері бойынша тренердің әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер (WhatsApp, Telegram), әлеуметтік желілерді (Facebook, Instagram және т. б.) қолдану арқылы педагогтер үшін онлайн консультациялар өткізуі;

2) сандық білім беру ресурстарымен (СБР), бейнесабақтармен, айдарлар материалдарымен, ғылыми-әдістемелік басылымдар каталогтарымен және т. б. ресурстық қамтамасыз ету.

3) курс кураторы кәсіби өсуді келесі әдістер арқылы зерттейді:

- әр түрлі деңгейдегі іс-шараларда (семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер, пікірталас алаңдары) сөз сөйлеу;
- әртүрлі деңгейдегі кәсіби конкурстарға қатысу;
- сараптамалық (жұмыс және т. б.) топтардың құрамына қатысу;
- облыстық, республикалық, халықаралық басылымдарда мақалалар жариялау;
- әдістемелік нұсқаулықтар шығару;
- цифрлық трансформация жағдайында инновацияларды тәжірибеге енгізу бойынша педагогикалық ұжымның жетістіктерінің болуы;
- үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату.

Курстан кейінгі қолдау шеңберінде мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетудің формалары мен әдістері

№	Курс кураторымен (оқытушысы) жүргізетін іс-шаралар атауы	Өткізілу түрі	Ұсынылған жиілік / соңғы нәтиже
1	Музыка пәні сабағында ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту	вебинар	Тоқсанына 1 рет ұсынымдар
2	Жаңартылған музыка оқу бағдарламасының мазмұны, негізгі бағыттары	әдістемелік десант	Жартыжылдықта 1 рет. Әдістемелік ұсынымдар
3	Сабақты жобалау – «Музыка» пәнін оқытудағы құзырлылық тәсілінің негізі	мақала	Журналдарда тоқсанына 1 рет (филиал, республикалық: «Білім

			берудегі менеджмент», «Открытая школа» және т.б.)
4	Музыка пәнінің мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктері мен шеберлігін дамыту	ғылыми-әдістемелік басылымдар каталогы	«Қашықтықтан оқыту» айдарындағы «www.kz» сайтында материалдарды жариялау
5	Ақпараттық-білім беру ортасында мектеп оқушыларының музыкалық сауаттылығын қалыптастыру	бірлескен жарияланым	Тоқсанына 1 рет (облыстық, республикалық БАҚ)
6	Музыка пәні бойынша интернет-платформа арқылы бейне сабақтар жасау технологиясы	бейнересурс	Тоқсанына 1 рет («Өрлеу» білім беру порталы)
7	Музыка сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту	мақала	Тоқсанына 1 рет (облыстық, республикалық БАҚ)
8	SWOD (ішкі және сырқы кемшіліктер мен артықшылықтарды анықтау)	онлайн кеңес	Айына 1 рет (әлеуметтік желілер: facebook, whatsapp т.б.)

10. Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Музыка теориясының негіздері. Жоғары оқу орындары мектептерге арналған оқулық. Алматы, 2020ж
2. Большан Ф. Әлем музыкасының тарихы: 1-бөлім: оқулық / Филип Большан. - 1-басылым. (Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). - Нұр-Сұлтан: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 460 б .
2. Жакаева К.А. Музыка пәнін оқыту әдістемесі: Бакалавриат 050106 «Музыкалық білім» студенттеріне арналған оқу құрал / К.А.Жакаева, С.А.Жакаева; КГПУ. – Костанай:КГПУ 2019. – 92 б.
3. «Әлемдегі және Қазақстандағы білім беру сапасы» А. Құсаинов, <https://bilimdinews.kz/> Білімді ел, 2020 ж
4. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Музыка және ырғақ» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.2018 ж
5. Шегебаев П., Елеманова С.А. Қазақ музыка әдебиеті. (Дәстүрлі кезең)Астана: Фолиант, 2015ж.-144 б
6. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Аруна ,Ltd. ЖШС, А., 2005 ж – 656 б.

Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Хрестоматия по методике музыкального воспитания. Сост.Апраксина О.А. – М.,1987 г.
2. Жансейтова С.С. Казахская музыкальная терминология. – А., 1991 г.

3. Камзолова М.Н. Музыкальное путешествие по городам Германии: учебное пособие / М.Н.Камзолова. - 2-е изд., стер. - Санкт-Петербург: Планета музыки, 2019. - 436 с.
4. Канунова О.А. Сборник детских песенок на английском языке: учебное пособие / О.А.Канунова, Н.А.Беринг. - 2-е, стер. - Санкт-Петербург: Планета музыки, 2020. - 68 с.
5. Поддубная Е.А. Музыкальные пальчиковые игры: учебное пособие / Е.А.Поддубная; Поддубная Н.И.-7-е, стер.-Санкт-Петербург: Планета музыки, 2020. - 48 с.
5. Рачина Б.С. Педагогическая практика: подготовка педагога-музыканта: учебное пособие / Б.С.Рачина.-Санкт-Петербург: Планета музыки, 2015. - 512 с.
6. Самсонова Т.П. Музыкальная культура Европы и России. XIX век: учебное пособие / Т.П.Самсонова. - 3-е изд., стер. - Санкт-Петербург: Планета музыки, 2019. - 400 с.
7. Теплов Б.М. Психология музыкальных способностей: учебное пособие / Б. М. Теплов. -2-е изд., стер. - Санкт-Петербург: Планета музыки, 2020. - 488 с.